

**ІІМ Жол полициясы комитеті төрағасының м.а.
Н.И. Калашниковтың «Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз
ету бойынша шаралар туралы» баянаты**

Құрметті депутаттар мен отырысқа қатысушылар!

- Жол полициясы комитетінің негізгі міндеттері мемлекет саясатын іске асыру, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында үйлестіру және мемлекеттік бақылау болып табылады.

- Бұл мемлекетіміздің елеулі проблемаларының бірі және барлық азаматтарға қатысты.

- 2006 жылы Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы еліміздегі жол қауіпсіздігінің жай-күйі күрделі кезеңде аталған мәселені арнайы талқылау тақырыбы ретінде таңдады.

(1-ші слайд)

- Осыдан кейін қабылданған ұйымдастыру және практикалық шаралар нәтижесінде республикада апаттылық және жол-көлік жарақаттануының деңгейін төмендетуге қол жеткіздік.

(2-ші, 3-ші слайд)

- Соңғы 5 жылда автотұрақтың ұдайы өсуіне қарамастан (3,6 млн. б.) жыл сайын жасалатын жол-көлік оқиғаларының саны 25%-ға, қаза болған адамдардың саны 38%-ға және жарақат алғандардың саны 26%-ға азайды.

(4-ші слайд)

- Бұған Үкіметтің үш жылдық Арнайы жоспарын, ал жергілікті орындарда сәйкес Өңірлік бағдарламаларды іске асыру айтарлықтай дәрежеде ықпал етті.

- Еліміздің жолдарында тәртіпті қалыптастыру барысында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты

проблемаларды шешу кезінде Премьер-Министрдің жеке қатысқаны өте маңызды болғанын атап өту қажет.

- Ағымдағы жылдың 4 сәуірінде осы мәселер Премьер-Министрдің төрағалық етуімен, өңірлердің әкімдерінің қатысуымен өткен Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысында қаралды.

- Жол жүрісі ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік жазалауды қатаңдату (2008 жылдың тамызы) және оларды сақтауға бақылауды күшейту бойынша қабылданған шаралар, сөзсіз жолдағы ахуалды жақсартуға елеулі ықпал етті.

(5-ші, 6-ші слайд)

Тек өткен жылы жол полициясы 2 млн-ға жуық Жол жүрісі ережелерін бұзушылықтардың жолын кесті, оның ішінде 50 мыңнан астам мас күйінде жүргізуші ұсталды.

Өрескел бұзушылықтар үшін сот шешімдері бойынша 35 мың жүргізуші көлік басқару құқығынан айырылды, 6 мың құқық бұзушы әкімшілік қамауға алынды.

Әкімшілік өндіру шаралары көлік жүргізушілерімен қатар жаяу жүргіншілерге де қолданылады. Атап өтсек, Ережелерді бұзғаны үшін 100 мыңнан астам жаяу жүргіншіге айыппұл салынды.

(7-ші слайд)

- Жолдарда тәртіпті нығайту үшін барлық өңірлерде жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен Жол жүрісі ережелерін бұзушылықтарын автоматты бекіту жүйелері енгізілуде.

Бүгінгі таңда бекіту жүйелері астанада және республиканың 14 қаласында орнатылып *(еліміз бойынша барлығы 178 құрылғы)*, тиімді жұмыс істеуде.

Олардың тиімділігі айқын. Атап айтқанда, 1 инспекторға жылына 440 анықталған бұзушылықтан келсе, осы уақыт аралығында 1 бекіту жүйесі 2800 бұзушылықты тіркейді.

Мысалы, тек өткен жылы бақылаудың техникалық құралдары көмегімен 500 мыңға жуық бұзушылық анықталып, бюджетке 1,2 млрд.-тан астам теңге өндірілді.

Сонымен қатар, барлық өңірлерде «Бақылау» ААІЖ енгізілді. Онда барлық жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша деректер банкісі бар және ол ұдайы толықтырылады, сондай-ақ күшейтілген жауапкершілік шаралары көзделген құқық бұзушылықтардың қайталануы және жүйелілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Жүйенің базасында «ЖЖЕ бұзушылықтары үшін айыппұлдарды төлеу» электрондық жүйесі іске асырылды (2010 жылдың қараша айында).

Бұл шаралар жол қауіпсіздігі саласында бақылау-қадағалу жұмысын сапалы және тиімді жүзеге асыруға және жазалаудан құтылмаушылық қағидасын орындауға мүмкіндік береді.

- Дегенмен, әкімшілік жауапкершілік пен қадағалау функцияларын күшейту жолдардағы апаттылық деңгейіне ықпал етудің жалғыз ғана құралы болып табылмайды.

- Жүргізушілерді даярлау сапасын жақсарту бойынша шаралар қабылдануда.

Біз, Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, жалпы білім беру мектептерінде жоғары сынып оқушыларына көлік құралдарын басқаруды үйрететін курстарды енгіздік.

Сонымен қатар, автомектептерде жүргізушілерді даярлаудың жылдамдатылған курстары алынып тасталды.

Қазіргі уақытта жеңіл көлікті басқаруға жүргізуші куәлігін алу - үш ай, жүк көлігін басқару үшін – бес және автобус басқару үшін – сегіз айға дейін оқыту мерзімдерін құрайды.

- Халық арасында ақпараттық-насихат жұмысына да маңызды орын бөлінген.

Өткен жылы Комитет тапсырысы бойынша Жол жүрісі ережелерін сақтауды насихаттауға бағытталған 12 бейнеролик әзірленіп, «Астана» республикалық телеарнасының эфирінде көрсетілімі ұйымдастырылды.

- Басым бағыттардың бірі – көлік құралдарының қауіпсіздігін арттыру.

Елімізге ұсталған көлік құралдарын енгізуде Бірегей Кедендік Одақ шеңберінде *(2011 жылғы 1 шілде)* кедендік бажды арттыру тосқауыл болды. Сөзсіз, бұл шара еліміздің автопаркінің жаңаруына оң ықпал етеді.

Бұдан басқа, 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап көлік құралдарына техникалық байқауды ұйымдастыру тәртібі өзгерді.

Жол полициясының көлік құралдарына мемлекеттік техникалық байқауды өткізу функциялары, оны ұйымдастыру бойынша өкілеттіктерін Көлік және коммуникация министрлігіне берумен бәсекеге қабілетті ортаға берілді.

Техникалық байқауды ұйымдастырудағы жаңа тәсілдер оның тиімділігін арттырып, көліктерді пайдалану процессінде оның белсенді және пассивті қауіпсіздік жүйелеріне талаптарды күшейтеді.

Дегенмен ағымдағы жылдың 1-ші тоқсан қорытындысы бойынша осы саладағы қызмет көрсету нарығы толықтай қалыптаспағанын көрсетті, бұл орайда әлі де жұмыстар жүргізу қажет.

(8-ші слайд)

- Еліміздің жолдарында қаза болу оқиғаларының жолын кесу бойынша атқарылып жатқан жұмыста денсаулық сақтау

және төтенше жағдай органдарымен өзара іс-қимыл жасасамыз.

2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде ЖКО-да зардап шеккендерге жедел ден қою және уақтылы медициналық көмек көрсету үшін қала сыртындағы күрделі жол учаскелерінде тік ұшақтар мен реанимобильдерді пайдаланумен он екі медико-құтқару учаскелері құрылды. Ағымдағы жылы олардың желісі кеңейтілетін болады.

Бұл шаралар ЖКО-да зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуде халықаралық көрсеткіштерге жақындауға және ЖКО нәтижесінде өлім нәтижесін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді.

- Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне жаңа серпіліс беру үшін ІІМ Президент Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша орта кезеңгі мерзімге Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өңірлік бағдарламасының жобасын әзірледі (2012-2014 жылдар).

Бағдарламаны қабылдау үш жыл ішінде қалаларда жол жүрісіне қазіргі заманғы зияткерлік басқару және бақылау жүйелерін енгізуге, жүргізушілерді даярлау және жол-көлік жарақаттануының алдын алу тиімділігінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама шеңберінде жол полициясының материалдық-техникалық қамтамасыз етуін одан әрі нығайту және ЖКО-да зардап шеккендерге көмек көрсету жүйесін дамыту көзделген.

Ағымдағы жылы республикалық бюджет есебінен ЖҚЕ бұзушылықтарын бекітудің 30 стационарлық құрылғысы орнатылатын болады, 100 мобильді жылдамдықты өлшеуіш сатып алынды, жол полициясының 500 көлігі сандық бейнежазбамен (бейнетіркеу) жабдықталды.

- Жол жүрісі саласына әлемдік стандарттар мен нормативтерді енгізу бойынша кезеңді жұмыс жүргізілуде.

Соңғы үш жылда Қазақстан Республикасының сегіз заңы әзірленіп, қабылданды, олармен осы саладағы негізгі халықаралық келісімшарттармен мен келісімдер бекітілді.

Осы орайда **Парламент Мәжілісінің депутаттарына** бізбен әзірленген заңнамалық актілерге қолдау көрсетіп, қабылдағандарыңыз үшін алғыс білдіреміз.

- Бүгінгі таңда қызметіміздегі маңызды бағыттардың бірі – «Жол жүрісі туалы» жаңа Заңның жобасын әзірлеу болып табылады. Аталған заң жобасын әзірлеу өте өзекті, себебі қолданыстағы «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» Заң 1996 жылы қабылданған, сөзсіз бұл заң қазіргі замандағы талаптарға толық-қанды сәйкес келмейді.

Жаңа заң жобасында үш негізгі міндет белгіленген.

Біріншіден, жол-көлік оқиғаларының алдын алудың тиімді жүйесін әзірлеу.

Екіншіден, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында стратегия мен кешенді бағдарламаларды қабылдауға ықпал ету.

Үшіншіден, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы проблемаларды шешуде ведомствоаралық үйлестіруді күшейту және әр мемлекеттік орган ролін арттыру.

Заңды қабылдау басқарудың сәйкес тетіктерін және өзара іс-қимыл жасасуды қалыптастыруға, жауапкершілік аймақтарын өкімет деңгейлері мен ведомство бойынша нақты бөлуге, сондай-ақ қолданыстағы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нормативтік құқықтық кемшіліктерін жоюға мүмкіндік береді.

Жалпы заң жобасының негізгі басымдығына сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін арттыру мемлекеттік саясаттың дербес бағыты болуы тиіс.

Бұдан басқа, заңжобасымен Жол жүрісі туралы конвенцияның талаптарына сәйкес көлік құралдарының жеті санатымен (A, B, C, D, BE, CE, DE) және алты санат астымен (A1, B1, C1, D1, C1E, D1E) жаңа жүргізуші куәліктерін енгізу көзделген.

Бұл скутерлерді, мокиктерді (санат асты A1), трициклдерді (санат асты B1) және басқа да соңғы уақытта кеңінен таралған ықшам көліктерді пайдалану тәртібін реттеуге мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар мен дөңгелек үстел қатысушылары! Сіздердің рұқсат берсеңіздер, заңжобасы бойынша толығырақ Жол полициясы комитетінің басқарма бастығы Сәдуақасов Қанат Сушыұлы баяндайды.

Ал мен рұқсат болса, жол полициясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелеріне тоқталып өтейін.

Тәжірибе көрсеткендей жол жүрісі саласы сыбайлас жемқорлыққа осал сала болып табылады, мұндай жағдай көптеген елдерде байқалады.

Ең алдымен көлікті басқарудың өзі аса қауіпті, сәйкес талап-тәртіптермен қатаң белгіленген және көптеген шектеулер қойылған жауапты әрекет екенін айта кетейін.

Жолдардағы сыбайлас жемқорлық проблемасы осымен байланысты, себебі бір жағынан пара алу жағдайларын барынша жою қажет, екінші жағынан – жол жүрісі қауіпсіздігі деңгейін төмендетуге жол бермей, оны арттыру қажет.

Осы орайда, біз теріс көрініске қарсы күрес мақсатында қабылданып жатқан шараларды ұдайы жетілдіріп, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы іс-қимылда жаңа тетіктер әзірлейміз.

- Заңнамалық деңгейде сыбайлас жемқорлық жасау жағдайларын жою мақсатында 2008 жылы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске нақты құқық бұзушылықтар үшін жазалаудың балама түрлерін алып тастауды көздейтін өзгерістер енгіздік.

- Жоғарыда аталып өткендей, біз Жол жүрісі ережелерін сақтауына бақылаудың жанаспайтын түріне ауысу үстіндеміз.

Тәжірибе көрсеткенде бұл апаттылық деңгейін төмендетуге және полиция қызметкерлерінің құқық бұзушылармен байланысын жою есебінен жолдарда сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мен шиеленістік жағдайлардың жолын кесуге мүмкіндік береді.

- Бүгінгі таңда біз жолдардағы өлім деңгейін айтарлықтай төмендетуге қол жеткіздік, жол жүрісі қауіпсіздігі идеологиясын жазалау түрінен алдын алу түріне ауыстыру жолындамыз.

Жол жүрісіне қадағалау кезінде артық әкімшілік басқару алынып тасталды, себебі ұсақ бұзушылықтар үшін бірқатар материалдар толтыру артық іс-әрекет және көлік жүргізушілерінің шиеленістік жағдай туындатуымен байланысты, нәтижесінде халық ішкі істер органдарының жұмысына көңілдері толмайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында атқаралып жатқан жұмыс туралы халықты ақпараттандыру мақсатында Комитет «Нұр Отан» ХДП-мен бірлесіп, өңірлерге шығумен «Жолдағы қабылдау» атты республикалық акциясын тұрақты негізде өткізеді.

Аталған акция шеңберінде халықпен жұмыс екі нысанда жүргізіледі – жалпы жиналыста проблемалық мәселелерді талқылау және азаматтарды жеке қабылдау.

- Халыққа қызмет көрсету жағдайы жақсаруда. Үкімет жол полициясының мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын әзірлеп, бекітті.

- Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауындағы негізі талаптарының аясында Көлік және коммуникация министрлігімен бірлесіп, көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру функцияларын халыққа қызмет көрсету орталықтарына беру бойынша шаралар қабылдануда.

Ағымдағы жылы осындай алғашқы жобалар Астана, Алматы, Ақтау және Қарағанды қалаларында іске асырылатын болады.

- Жол полициясының рұқсат беру функциялары қысқартылуда.

Бүгінгі таңда көлік құралдарының жүргізушілерін даялау және қайта даярлау бойынша қызметін лицензиялау жойылды, ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауды жол полициясымен келісу, Ішкі істер министрлігінің көлік құралдарына техникалық байқау жүргізу функциясы бәсекелестік ортаға берілді.

- Кадрларді іріктеу және орналастыру мәселесі ерекше бақылауға алынған, қызметкерлерді іріктеу бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жол полициясы басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарларының кандидатуралары министрлік бұйрығымен тағайындалады.

Орталық тіркеу-емтихандық бөліністер мен саптық бөліністердің бастықтары мен командирлері министрлікпен келісілгеннен кейін ІІД бұйрығымен тағайындалады.

Сонымен қатар, алдағы уақытта өткізілетін құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациялау - халқына адал қызмет ететін қызметкерлерді іріктейтініне сенім білдіреміз.

- Министрлік Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап Павлодар облысында жол полициясы мен патрульді полиция қызметтерін біріктіру бойынша экспериментті бастағанын атап өтейін.

Яғни, ІІМ жүйесіне «әмбебап полицией» енгізіледі.

Оған тек қана жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету функциялары ғана емес, сондай-ақ құқықтық тәртіпті сақтау және шағын аудандар мен елді мекендерде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету функциялары жүктеледі.

Эксперимент келесі жылдың сәуір айында аяқталады деп жоспарлануда. Сол кезде еліміздің барлық аумақтарына «әмбебап полицей» институтын енгізу қаншалықты мақсатқа сай және тиімдігі екенін анықталады.

Құрметті депутаттар мен дөңгелек үстел қатысушылары!
Баянатты аяқтар алдында, біз, жол жүрісі қауіпсіздігін нығайтуға, азаматтарды жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан тиімді қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған шараларды одан әрі іске асыру, сондай-ақ, халықтың полицияға сенім деңгейін арттыру бойынша жұмыс жалғастырылатынын хабарлаймын.

Баянат аяқталды!

Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!